

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
Алматы Технологиялық университеті

# Тігін өндірісінде қолданылатын жүн маталардың жаңа түрлері

Орындаған: Болатқызы Д.

Бурашева Н.

Тобы: ХОМИ 14-17

Қабылдаған: Какенова Ж.К

## **Жоспар:**

- 1) Мата тарихы;
- 2) Жүн және жібек талшықтарының қасиеттері;
- 3) Мата түрлері;
- 4) Әртүрлі киімдерге пайдаланылған маталар.

## Мата тарихы

Орта Азияны мекендеген халықтар көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ауыса бастады. Көшпенді халықтардың киім тігуге пайдаланған маталары жайлы деректер кездеспейді. Олар жайлы алғашқы жазбалар Қазан революциясынан кейін пайда бола бастады. Қашқардан Орталық Азияға әкелінген маталар жайлы Шоқан Уәлихановтың күнделіктері мен сызбаларында жақсы баяндалған. Отырықшылық тұрмыс қалпына көше бастаған қазақтар мақта өсіріп, мата тоқуды кәсіпке айналдыра бастады. Алайда бұл кәсіпті өзбектер мен түрікмендер жақсы меңгерген. Мақта маталардың ішінде бөз мата өте танымал болды. Оны сапасы төмендеу боялған мақтадан тоқитын.



## Жүн және жібек талшықтарының қасиеттері

Киімді дұрыс күту үшін талшықтар мен маталардың қасиеттерін білу қажет.

*Жүн талшықтары* – қой, ешкі, түйе және басқа да жануарлардың түк жамылғысы. Тоқыма өнекәсібінде өңделетін жүннің негізгі бөлігі қойдан алынады (95 %). Жүннің гигроскопиялық қасиеті жоғары, яғни ылғалды жақсы сіңіреді, қышқылдардың ықпалы мен күн сәулесінің әсеріне төзімді келеді. Жанған кезде күйдірілген мүйіз немесе қауырсынның иісіне ұқсас иіс шығарады, талшықтың ұшында саусақпен жеңіл үгітілетін, күйген қара түйіршік қалады. Жүн неғұрлым жіңішке болса, оның сапасы соғұрлым жоғары болады. Иірімделген талшықтардың жылу сақтағыштық қасиеті жоғары. Мұндай талшықтардан тоқылатын маталардан қысқы киім тігіледі. Маталардың атаулары әртүрлі болады: шұға, драп, кашемир. *Табиғи жібек* - тұт ағашы жібек құртының қуыршақтарына алынатын ұзын жіңішке жіп.



**Жібек маталар** қолданылатын шикізат, иірімжіп пен жіп түрлеріне, бетінің тығыздығы, жалпы тығыздығы, өрім түріне, өңделу сипаты мен қолданылуына қарай әртүрлі болады. Жібек маталар табиғи, жасанды және синтетикалық жіптерден тоқылады, кейде штапельді иірімжіп қосылады. Жібек маталар түржиынына өте жеңіл маталар – капрондық жайма, креп-шифон және т.б. жатады.





**Жүн маталар** түржиынының шамамен 2 мыңдай түрі бар. Олар үш түрге: мауыты, жұқа шұға және қалың шұға маталар болып бөлінеді; бұл маталардың әрбір түрі екі топқа жіктеледі: жүн мата және жартылай жүн мата; матаның қолданылуына байланысты әр топ 6-9 топшаға бөлінеді: көйлектік, костюмдік, пальтолық және т.б. маталар дайындалады.

Жүн маталар әдемі, мықты болады, қыртысталмайды және жылусақтағыштық қасиеті жоғары болады. Көйлек, костюм, пальто және басқа да бұйымдар тігуде кеңінен қолданылады.



## Мата түрлері

**Сырт киімдік бағалы маталар:** барқыт, тұқаба, берен, биқасап, бүлде, дүрия, қамқа, қойқын, қыжым, мақпал, мауыты, міндала, пайы, баршын, парша, пүліш, саң, тапта, ұштап, тібек, шұға, мана, ләмбөк, дыраб, манат, масаты, борлат, бояқ, бұйдас, зипуын, дабы, сылаң, қасапдар, қаламы, қымқап.

**Жібек маталар:** баршын, кініпас, кіріс, кіләңкөр, күлдірі, қатипа, батсайы, сарпөңке, сіндіп, тапта, торғын, торқа, шәйі, қырмызы, атлас, кінауыз, маңлық, құлпы.

**Жұқа маталар:** зон, ақсұп, борлат, бомази, бояқ, дабы, сыңсыма, сұрып, сәтен, сиса, шағи, бітес, тек, зәріп, саржа, құмаш, орысқол, тайғақ.

**Арзанқол маталар:** ләмбік, діке, үлдірік, ләстік, кенеп, шөжім, шыдаған, сұпы, шыт, бөз, тептік, аңзу, күн-түн, тібен, сәлдебөз, меткетон, тіке.





## **Әртүрлі киімдерге пайдаланылған маталар**

Ертеде күнделікті тұрмыстық киімдерді бөз, кенеп, шыт, сәтен, сеңсең терісі, көн секілді қарапайым маталардан тіккен, ал салтанаттық киім-кешекке барқыт, масаты, мәуіті, шұға, жібек, қырмызы, бәтес, мақпал кездемелері, кәмшат, сусар, бұлғын, құндыз терілері, бұлан немесе бұғы күдерісі, жылқы шегірені пайдаланылған.

Бешпет, шалбар көбіне көгілдір, қоңыр, шымқай күрең мәуіті, барқыт, бедерлі жібек маталардан тігілген. Мақпалдан қамзол, шалбар, қыз-келіншектердің киімі тігілді, тұскиіз жасалды, баскиім тысталды. Дүрия, шағи сияқты жібек маталармен жекей тымақты тыстау сәнде болған. Сәукелеге салтанаттылық беру үшін оны күрең немесе шымқай қызыл барқытпен тыстаған.



Ал ішіктердің сыртын шұға, мәуіт, үш топ барқыт, атлас, көк берен, манат, қырмызы, торғын, ләмбек сияқты бағалы ширақы маталармен тыстаған.

Шалбарды барқыт, ұлпа, пүліш, тібен, шибарқыт, шегрен, ләмбек, мәлескен, қырмызы, қамқа, бақисап, көк мәуіті сияқты ширақы маталардан, қой ешкі терілерінен тіккен.

Торғын, пайы, шағи, дүрия, бәтес, сусыма, лейлек, атлас, сұпы, шәйі тәрізді маталардан желбіршекті жұқа көйлектер тігілген. Ал әйелдердің белдігін негізінен, жібек пен барқыттан тіккен.



The background of the image is a close-up of a purple fabric with a complex, wavy, and draped texture. The lighting creates various shades of purple, from deep, dark tones to lighter, more vibrant hues, highlighting the folds and creases of the material.

Назар аударып  
Тыңдағандарыңызға  
рахмет!